


Тағзым

Біз экономика ғылымы мен білім беру саласында қызмет еттік. Әлі де солай. Қазақстандағы экономика ғылым-білімнің жастық кезеңіне де, есейген шағына да куә болдық. Осы бір өзекті арнаның қалыптасуына, дамуына көптеген ғалымдар, ұстаздар үлес қосты. Олардың есімдері біздің жадымызда, азаматтарын ел ұмытқан жоқ, олардан кейінгі ғылымға қосылған жас буын алдындағы ағаларының жолы мен білім жүйесін өрі қарай дамытуда.

Фабдолла Шоланов, Серғали Толыбеков, Сақтаған Бөйшев, Тарбай Шаукенбаев, Федор Жеребятъев, Соломон Нейштадт, Израил Бровер, Александр Белов... Осындай ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалымдардың, олардың көптеген өріптестерінің арқасында біздің елімізде экономика ғылымы мен білімі қалыптасты, жан-жақты дамыды. Олардың артында терең ізденістен туған ғылыми еңбектер, жастарды тәрбиелейтін оқулықтар, ормандай шәкірттері қалды. Сондықтан да аталған абзал ағаларымыздың есімі, олардың өріптестерінің есімі Қазақстан ғылымының жоғарғы мектебінің тарихынан ешқашанда ошпейді, өздеріне тиісті жоғары орнын алады.

Солардың қатарында 77 жасында дүние салған, экономика ғылымы мен білім беру саласында 40 жылдан артық қызмет



атындағы халықшаруашылық институтында докторлық диссертация қорғадым. Менің тақырыбым да шаруашылықтың бір өзекті саласының экономикалық тиімділігін арттыру мәселелеріне байланысты болатын. Үш ресми оппонентімнің біреуі болып Түймебай Әшпмбайұлы тағайындалды. Әлі есімде, аталған институттың ғылыми кеңесінің үлкен залы, 350-400-ге жақын жиналған ғалымдар, өріптестер. (Сол жылдың басында бүкіл Одақ бойынша қалыптасқан ғылым кадрларын аттестациялау жұмысы Орталық партия комитеті тарапынан қатты сынға алынып, Кеңес еліндегі барлық ғылыми кеңестер таратылып, жаңа құрамдары бекітілген болатын. Мен сол жаңа құрылған ғылыми кеңесте докторлық диссертацияны бірінші болып қорғағанмын. Осыдан да болу керек жиналғандардың көп болуы).

Менің баяндамаман кейін жарыссөз басталып кетті, сөйлеушілер — ресми оппоненттер де, ресми емес те ғалымдар, мамандар. Бөрінің де ойында партия айтқан қатты сын, қойған жоғары талап. Осы тонректе мен зерттеген проблемалар төңірегінде көптеген жүйелі пікірлер, ұшқыр ойлар ортаға салынды. Айтшылардың дені Мәскеу, Ленинград, Киевтің жетекші ғалымдары. Осылардың ортасында тұрып ресми оппонент ретінде

білді, дарынды жастарды ғылым ізденістеріне қоса білді, олардың ықпалымен ғылыми орталықтар, үлкен де кіші шығармашылық ұжымдар құрылды. Басшы жүйелерде экономика ғылымының мұн-мұқтажын айта да білді, әртүрлі суық көздерден, сөздерден қорғай да білді. Осындай ғалымдарды, шын жанашырларды, шебер ұйымдастырушыларды, дарынды зерттеушілерді ғылым жетекшілері демегенде кімді айтамыз.

Осы абзал ағаларымыз біздің республикада қалыптасқан экономика ғылымының жетістіктерін, жаңалықтарын, ой-тұжырымдарын бізден тыс елдерге, шетелдік өріптестерімізге кеңінен тарата білді. Тек Түймекеңнің өзі ғана жиырмадан астам елдерде өткен халықаралық симпозиумдар мен ғылыми конференцияларға қатысқан екен. Солардың көбінде экономиканы басқару және оны жетілдіру жөнінде салиқалы өңгіме болғанының куәсі болдық немесе баспасөз арқылы таныстық. Осындай үлкен халықаралық жиындарда Түймекең айтқан пікірлер жұртшылықты елендетіп, назарын аудартаын. Сөйтіп, біздің ғылымымыздың халықаралық дәрежесі мен мәртебесі көтерілетін. Екінші жағынан, мұндай үлкен форумдар экономика ғылымының басқа елдерде қалыптасқан ұтымды өдістерімен, озық ой-тәжірибелерімен танысуға бізге де мүмкіндік беретін. Осының себебі болар, мынау қайта құру кезеңінде, экономикамызда көптеген жылдар қалыптасқан басқару тетігін күрт өзгертіп, нарық жолына көшу мезгілінде біз, Қазақстан экономистері, құр алақан қалғанымыз жоқ. Көптеген экономист-ғалымдардың болашақ күрделі өзгерістер, оны іске асыру жолдары туралы хабары да, тіпті азды-көпті дайындығы да болды десем, кателеспеген болармын. Рас, біздің осыған дейін уағыздаған теорияларымызды, қалыптасқан көзқарастарымызды күрт өзгерту керек болды. Ой-сананы жаңарту біз үшін ең қиыны болды. Дегенмен, нарық туралы экономиканы дамытудың іргелі заңдылықтары туралы біздің де дайындығымыз болмады деп айта алмаймын.

Оған себеп экономикалық реформалар басталысымен Қазақстан экономистерінің үкімет орнына осы іс жөнінде ұсынған жобалары, баспасөз бетінде айтылған ой-пікірлері. Олар реформаны басқарушыларды асығыстықтан сақтандырды, басқа елдердің озық тәжірибелерін алға тартты. Жекешелендіру, бағаны реттеу, шетел экономикасына болашақ байланыстардың тиімді жолдарын үкімет пен мамандардың назарына салды.

Солардың ішінде Түймебай Әшпмбайұлы жасының ұлайғандығына қарамастан, экономикалық жаңа бағдарламалар жасау мен өдістемелер қалыптастыру ісінде зор белсенділік көрсетті. 1991-1995-ші жылдары Түймекең Қазақстандағы экономикалық басқару жүйесін қайта құрудың өзекті мәселелері туралы баспасөз бетінде көптеген мақалалар жариялады, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік басқару мекемелеріне жобалар ұсынды. Мен сол кезде Қазақстан Ұлттық академиясында қызмет істедім, бір ұжымның мүшесі және өріптес ретінде Түймекеңмен көп араластық, пікір алыстық. Сондықтан да ғалымның айтқан пікірлерін, ұсынған жобаларын жақсы білемін. Кейбір пікірлерін, әсіресе Қазақстандағы жүріп жатқан түбегейлі экономикалық реформалар туралы қорғауына қолдау бергеніне қолдаймын.

Түймекеңнің сөйлеген сөзі жиналған жұртшылыққа ерекше әсер етті. Біріншіден, ол көтерілген мәселелерді терең білуі арқасында айтылған пікірлердің деңгейінде, ал кейбір мәселелерден олардың деңгейінен де жоғары тұратын терең ой-пікірлерді ортаға сала білді. Сөйтіп, Қазақстанда қалыптасқан экономистер мектебі Одақ дәрежесінен кем түспейтініне жұртшылықтың көзін жеткізе білді. Екіншіден, Түймекең есімі бұрыннан да Одақ ғалымдарына молынан танымал екеніне сол жерде тағы бір көзіміз жетті. Оған айғақ — ғылыми кеңесте сөз сөйлеген адамдардың Түймекеңе көрсеткен ілтипаты, айтқан пікірлері. “Біз, Қазақстан ғылымы осындай дарынды жастарымызға үлкен үміт артамыз, бұлар біздің ғылымымыздың болашақ сарбаздары мен жетекшілері” деп, мен, диссертация қорғаушы туралы айтқан ғылыми кеңестегі жүрекжарды сөздері менің өлі күнге есімде. Оны ешқашан да естен шығаруға болмайды, мұны мен Түймекеңнің маған деген зор құрметі деп білемін.

Жақында Түймебай Әшпмбайұлының

Абзал аға

Түймебай Әшпмбайев туралы сөз

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, академик.

еткен экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, академик Түймебай Әшпмбайұлының есімі ерекше бір көрнекті орында, ол экономика ғылымының дамуындағы жетекші тұлғалардың бірі. Ширек ғасырдан артық Түймекеңмен ғылыми қатынасымыз, азаматтық жарастығымыз, достық, сыйластығымыз болды. Біздің ойымызда, көңілімізде, жүрегімізде оның жарқын бейнесі, жайлы мінезі, жарасымды өзін-қалжыңы, ғалымдық, ұстаздық өнегесі әрдайым тұрады, ошпейді. Түймекеңнің өмір жолы жеңіл болды дей алмаймын. Қайта тар соқпағы көбірек болды десем, дұрыс болар. Сол кездегі Кеңес елінің рухани орталықтарының бірі Санкт-Петербургте жоғары білім алу мақсатын орындайтын Халық Одақ Сөзіншілерінің жетекшісі болды.

Еркін елдің ертеңі

Қабілетті баланың обалына қалма, ата-ана

немесе дарындар мектебі ауылда жүрген таланттарды іздейді

Айнаш ЕСАЛИ,
“Егемен Қазақстан”.

Қазіргі күні қазақ баласының математика мен физикаға деген ерек қабілетін аз айтып жүрмесек те, табиғатынан осы пәнге бейім болып туған жеткіншектерді дер кезінде тауып, іргелі ғылымдарға бейімдеу мәселесіне мемлекетіміз үлкен мән беріп отырғанымен, кейде ата-аналарымыз осыған жүрдім-бардым қарайтыны өтірік емес. Әсіресе, ауыл адамдары “Біздің бала есеп-қисапқа жүйрік” деп қойып, болашағына даңғыл жол салып беруді ойластыра бермейді.

Осы тұрғыдан келгенде, Алматыда 30 жылдан астам тарихы бар, О.Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының бар екенін және оның республикамыздың түкпір-түкпірінен іріктеп алған оқушылары — біздің келешек интеллектуалдық қазынамыз екенін көпшілік біле бермейді. Оның кешегі түлеп ұшқан түлектері — бүгінде осы мектептің ғана емес, мемлекетіміздің де мақтанышы.

Біздер әр кезде дарындар мектебінің соны табыстары туралы ұдайы көрсетіп, жетістіктерін жазудан жалыққан емеспіз. Ал биыл аталмыш мектеп өз тарихында бұрын-соңды болмаған ректорлық жөністерге жеткенін баяндамақпыз.

Алдымен үстіміздегі жылы Астанада өткен Білім және ғылым министрлігінің алқа отырысында министр Бірғаным Әйтимова О.Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп-интернатының білім сапасы мен бастамаларына аса жоғары баға бергенін айтайық. Осы уақытқа дейін министрліктің алқа отырысында бір ғана мектептің табыстары туралы бөлек өңгіме бұрын-соңды қозғалмаған екен.

Мәселен, биыл Петропавл қаласында өткен республикалық оқушылар олимпиадасына 55 бала қатысып, оның 34-і жоғары дәре-



медальден жеңіп өкелді. Айзана сияқты қыз баланың математикаға аса қабілетті болуы сирек оқиға, — дейді өз шәкірттері туралы сөз қозғағанда мақтаныштан жүзі нұрлана жөнелген Қайрош Бексейітұлы.

Айта кетейік, мектеп директоры Қайрош Мақышев халықаралық О.Жәутіков олимпиадасын ұйымдастырған, саналы ғұмырын осындай білім сайыстарының қанат жаюына арнаған адам. Биыл географиялық ауқымы кеңейген бұл олимпиада екінші рет өткізіліп, 11 мемлекеттен 34 команда білім сынасты. Халықаралық Жәутіков олимпиадасы да жоғарыда айтып кеткен Білім және ғылым министрлігінің алқасында жоғары бағаланып, келер жылдан бастап мемлекеттік бюджеттен тікелей және толық қаражатпен қамтамасыз етілетін болар.

Еңбек еленбейді, бастамашыл идеяларды жұрт байқамайды, бағаламайды деген қате пікір. Мектеп директоры Қайрош Мақышевтың тынымсыз тірлігі қазақ меценаттары тағайындаған төуелсіз “Тарлан” сыйлығымен аталып, бұған қоса “Олимп шынына жетелеуші” дипломымен марапатталған.

белсенділігі мен бастамашылдығы жөне шығармашылық қабілеті үшін” деп аталатын арнаулы дипломының жалғыз иегері.

Таланттар ұстаханасының жетістіктерін тизбектей отырып, үстіміздегі жылдың қаңтар айында осы мектепке АҚШ-тың бір топ конгрессмендері келіп, төңті болып кеткенін де айтуға болады. Алпауыт елдің саясаткерлері біздің елімізде ақысыз-пұлсыз, мемлекеттің қаражатымен дарынды балалардың қабілетін шырдап жатқан осындай мектеппен танысып, риза болғандарын жасырмапты. Америкалықтардың: “Бұл мектепке ақы төлесе түсе ме?”

деген сауалына, мектеп басшысы “Жоқ! Тек қабілетпен” деп жауап бергенде, олар шын танданыпты. Мектепке осындай қонақтар күнде болмаса да, жиі соғатынын айта келе, РМФМОМИ-дің ТМД-дағы өзі тектес басқа да мамандандырылған мектептермен қоян-қолтық араласып, тәжірибе алмасып тұратынын айта кетуге болады.

Қайрош Мақышев өздерінің барлық игі бастамаларына мемлекет тарапынан және “РМФМОМИ түлектері қорынан” үлкен қолдау көрсетіліп жатқанын айтады. Оған қоса “Майкрософт” компаниясы мектепке арнаулы ақпараттық портал құрып беруді мойындарына алыпты. Бұл дегеніңіз, қазір мектепте 100-ден астам жоғары операциялық компьютер болса, балалар үй тапсырмаларын тактадан көшірмей-ақ, үйдегі компьютерден ала береді деген сөз. Және ата-аналарға да интернет арқылы балаларының сабақтарын бақылауға мүмкіндік туғызылмақ.

Алайда, өлі күнге дейін еліміздің түкпір-түкпірінде математика мен физикаға қабілетті балалардың көпшілігі Алматыда О.Жәутіков

Біздің ойымызда, көңілмізде, жүрегімізде оның жарқын бейнесі, жайлы мінезі, жарасымды өзіл-қалжыңы, ғалымдық, ұстаздық өнегесі әрдайым тұрады, өшпейді. Түймекеңнің өмір жолы жеңіл болды дей алмаймын. Қайта тар соқпағы көбірек болды десем, дұрыс болар. Сол кездегі Кеңес елінің рухани орталықтарының бірі Санкт-Петербургте жоғары білім алу мақсатын орындай алмай. Ұлы Отан соғысы басталысымен майданға аттануына тура келді. Сөйтін, қан майданды басынан кешті, соғыс біткеннен кейін біраз жыл лагерлерде болды.

Есейін кеткен, оның үстіне отбасы өскен Түймекең күндіз оқудың реті келмеді, экономика саласындағы жоғары білімін өртүрлі қызмет атқарумен қатар алу жолында көрсеткен қажыр-қайратын, білім-ғылымға деген құштарлығын айтпай өтуге болмайды.

Түймекең үшін ғылымның сара жолы 1958 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Экономика институтына қызметке келгеннен басталды. Осы мерзімнен бастап 38 жыл бойы Түймекең аталмыш институттың шаңырағында істеді, осы институттың кіші ғылыми қызметкерінен оның жетекшісі, директоры дәрежесіне дейін көтерілді. Осы ұжымдағы ғылыми ізденістері арқасында алдымен ғылым кандидаты, артынан ғылым докторы атағына ие болды. Дарынды ғылыми еңбектері жоғары бағаланып, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, содан кейін осы академияның толық мүшесі (академик) болып сайланды. “Қазақстан КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері” атағына ие болды. Көптеген ордендер мен медальдар, құрметті атақтардың иегері болды.

Міне, Түймебай Әшімбаулы сияқты абзал азаматтың ғылым саласында өткен жолдарының жалпы сипаты осы. Оған берілген үлкен атақ-дәрежелер оның дарынды зерттеушілігінің, ғылыми туындыларының халқымыздың экономикалық өмірінде мөні зор екенінің айқын белгілері. Оның 300-ден астам ғылыми еңбектері бар, солардың 10-нан астамы монографиялық кең ауқымды жұмыстар.

Түймебай Әшімбаулының экономика ғылымында істеген еңбектері, ашқан жаңалықтары жан-жақты. Әсіресе, көп нысанаға алғаны ұдайы өндірістің методологиялық және практикалық проблемалары. Олар туралы бірнеше монографиялары мен мақалалары Қазақстанда және Мәскеуде басылып шықты, өзі ашқан тұжырымдарын бірнеше дүркін бүкілодақтық симпозиумдар мен ғылыми конференцияларда баяндады. Сөйтіп, бұрынғы Одақ көлемінде экономика ғылымының ұдайы өндіріс мәселелерін жетекші зерттеушілерінің санатына қосылып, есімі ғалымдар қауымына молынан танылды.

1976 жылы Түймебай Әшімбаулының “Өнеркәсіп өндірісінің тиімділігі” атты еңбегі жарық көрді. Бұл тақырып бізде де, басқа елдерде де күн тәртібінен түспейтін, экономиканы дамытуда шешуші орны бар тақырып еді. Оны зерттеушілер көп, дегенмен Түймекең өзіне тән дарындық қасиетпен осы проблеманың жаңа қыры мен сырын, оларды шешу жолдарын тауып, айта білді. Дәлірек айтсақ, өндірісті интенсификациялаудың аймақтық факторларына сүйене отырып, экономиканың тиімділігін тұрақты түрде арттыру тұжырымдамасын ұсынды. Бұл Қазақстан ғылымында айтылған соны да ұтымды пікір болатын. Осы еңбегі үшін Ұлттық академияның ең жоғары Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді, бүкілодақтық көрме сыйлығымен де марапатталды.

1977 жылы мен Мәскеуде Г.В.Плеханов

қазакстан ғылымы ос ндай дарынды жастарымызға үлкен үміт артамыз, бұлар біздің ғылымымыздың болашақ сарбаздары мен жетекшілері” деп, мен, диссертация қорғаушы туралы айтқан ғылыми кенестегі жүрекжарды сөздері менің өлі күнге есімде. Оны ешқашан да естен шығаруға болмайды, мұны мен Түймекеңнің маған деген зор құрметі деп білемін.

Жоғарыда Түймебай Әшімбаулының экономика ғылымына, жалпы ғылымға сіңірген еңбегі зор да жан-жақты дедік. Осының дәлелі ретінде тағы бір-екі мәселені айта кетейін. Көп жылдар бойы оның нысанаға алған ізденістерінің бір саласы ғылым мен экономиканың өзара байланысы, ғылыми-техникалық прогресті пайдалана отырып, экономика тиімділігін арттыру жолдары, осыған байланысты тиімді әдістемелер құру, оны қалыптастыру, дамыту. Осы салада Түймекең бір емес, бірнеше көлемді, манызы терең ғылыми еңбектер жариялады. Болып жатқан олқылықтарды, әсіресе, ғылыми-техникалық жетістіктердің өндіріске кешеуілдетіп енгізілуінің түпкі себептерін аша білді, оларды жою жолдарын көрсетті.

Біздің келешегіміз ғылым мен білімде, олардың жетістіктерін қалыптасқан шаруашылық жүйесіне молынан пайдалана білуімізде, сөйтіп, халықтың тұрмысын, өл-ауқатын жақсарту игілігіне жұмыс білуімізде деген өзекті де терең пікірлер Түймекең монографияларында жан-жақты баяндалды, көптеген тұжырымдардың негізі болды. Бұл дәл уақытында үлкен көрегендікпен айтылған ойлар еді. Өркениетті елдер ғылыми-техникалық жаңалыққа молынан сүйенеді, оларды тиімді пайдалануға ұмтылады. Ғылым мен техника аттар үшін ертеген ат іспеттес, қандай жорыққа аттанса да, қандай алып-биікті нысанаға алса да мақсатына тез жеткізетін үшқыр да қазанаты осы ғылым мен білім. Міне, осыларға ұқсап бізде өркениетке жету жолында әрдайым қам жасауымыз керек. Әйтпесе, көздеп отырған нарық көдімгі қазанат емес, жайдақ ат, ғылымсыз, білімсіз ол еш байлыққа, жақсы тұрмысқа жеткізбейді. Осыған байланысты Түймебай Әшімбаулы сияқты абзал азаматтарымыздың айтып, дәлелдеп кеткен озық ойларын, бастап кеткен мол қазыналарын ұмытпаған жөн.

Түймебай Әшімбаулы экономика ғылымының Қазақстандағы, біздің заманымыздағы жетекшілерінің бірі емес, бірегейі болды дедік қой. Осы пікірдің де дәлелі мол. Жиырма жылға жуық экономика институтының директоры болды. Ал енді осы институтты Қазақстандағы экономика ғылымының басты орталығы болды десек қателеспейміз. Ең терең ғылыми ізденістер осы институтта қалыптасты, экономистер бас иетін ғылым ордасы болды, болып та келе жатыр. Осы институттың дамуына Түймекеңнің қосқан үлесі зор. Әсіресе, Түймекең басшы болып тұрған кезеңде институт ұжымының Қазақстан ғылымына ықпалы зор болды. Түймекең көптеген ғылыми кеңестерге, Қазақстан экономикасын дамыту туралы талай тұжырымдамаларға, бағдарлама, жобаларға басшылық етті. Көптеген мемлекеттік жүйелердің экономиканы қалыптастыру саласындағы кеңесшісі болды, Әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің, Қазақ мемлекеттік басқару академиясының студенттеріне дәріс берді, көптеген жас ғалымдар ізденістерінің ғылыми жетекшісі болды. Олардың көбі бүгін есімі елге танымал ғалымдар мен жоғары мектептің ұстаздары. Екі академиктің — Сақпаған Бәйішұлы мен Түймебай Әшімбаулының өткен ғасырдың ортасынан бастап соңына дейін экономика ғылымы мен білімнің Қазақстанда жан-жақты дамуына ықпалы мен тікелей көмегі зор болды. Олар ғылымның жаңа салаларына жол сілтей

мемлекеттік басқару мекемелеріне жобалар ұсынды. Мен сол кезде Қазақстан Ұлттық академиясында қызмет істедім, бір ұжымның мүшесі және әріптес ретінде Түймекеңмен көп араластық. пікір алыстық. Сондықтан да ғалымның айқын пікірлерін, ұсынған жобаларын жақсы білемін. Кейбір пікірлерін, әсіресе Қазақстандағы жүріп жатқан түбегейлі экономикалық реформалардың көптеген кемшіліктерін жасырмай айтып жүрді. Бұл пікірлер біреуге ұнады, өрине, біреулерге ұнамады. Оны да біздер, Түймекеңнің әріптестері, жақсы сезіп жүрдік.

Ал енді Түймекеңнің сол кезде айтқан пікірлері дұрыс па, бұрыс па деген сауал туады. Біраз уақыт өтті, реформалар жүріп жатыр, өмір, тәжірибе нені дәлелдеді деген сұрақтар да тууы мүмкін.

Осы сауалдарға байланысты бір-екі пікірімді айта кетейін. Біріншіден, біздің елімізді алсақ та, басқа елдерге қарасақ та экономика даму жолдарының баршаға бірдей заңдылықтары, негіздері бар. Осыларға сүйенген жобалардың ешқашан да манызға жоғалмайды. Ал Түймебай Әшімбаулының ой-пікірлері, тұжырымдары осы заңдылықтарды терең түсінгеннен негізінде қалыптасқан еді. Сондықтан да олар бүгінгі тіршілігімізге де, келешегімізге де қажет. Түймекеңнің ғалым ретінде артында қалдырған мол қазынасының құндылығы осында. Ол тек өткен заманның ғана емес, біздің жаңа заманымыздың зерттеушісі деп айтар едім.

Екіншіден, Түймекең ғылым мен экономика байланысы, олардың бір-біріне ықпалы туралы көп мәселелер көтерді және бізде шешілмей жатқан жағдайлар туралы пәрменді, тіпті ашулы деп айтсақ та болар, пікірлер айтты. Немесе, мемлекеттің күрделі реформалар жүргізудегі атқаратын міндеті туралы. Түймекең мемлекеттің басқару жүйесі экономика төңірегінде басын ұйқыдан көтермейтін “түнгі күзетші” деген ұғымға бірден бір қарсы болды. Керісінше, күрделі өтпелі кезеңде мемлекет өзінің барша басқару жүйелерімен үлкен пәрменділік көрсетуі керек дейтін еді. Біздің бүгінгі тәжірибеміз де Түймекеңнің осындай тұжырымдарының дұрыстығын дәлелдейді. Айта берсек, ғалымның күрделі экономикалық реформалар жүргізу қарсаңында және оның алғашқы бастамалары туралы айтқан басқа пікірлерінің біразы өлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Мұны мен ғалымның қайта жанғыру қамында жүрген қазақ елінің рухани талпынысына қосқан дербес үлесі дұр едім.

Сөз соңында Түймекеңнің азаматтық қасиеттері туралы да бір-екі ауыз сөз айтқан жөн болар. Өйткені, көп араластық, сыйластық, өзіл-қалжыңымыз жарасты. Тойларға да, демалыстарға да бірге барып жүрген кездеріміз болды. Қазақ зиялыларының бас қосқан жиындарында да бірге болып жүрдік. Барынша жаны жайдары, қоршаған ортасына жұғымды азамат еді. “Екі қонқардың басы бір қазанға сыймау” қазақ зиялыларының көбіне біткен қасиет қой, мүмкін Түймекең де кейбір әріптестерімен онша жақсы тіл табыса алмаған болса, болар. Дегенмен, ғалымдар тобында, зиялылар қауымында шоктығы биік, құрметі мол еді. Жұмсақ өзіндік шебері еді, отырған жері көңілді, манайы думан болатын. Әсем де сұлу, тұлға бойының сергектігімен назарыңды аударатын. Кім біледі, бірнеше ұрпақ ерте туса, серілер қатарында да болар ма еді. Өйткені, жақсы қырлары мен сырлары баршылық азамат болатын. Барлық қалыптасқан бітімімен тұлға бола білген азамат еді.

айтайық. Осы уақытқа дейін министрліктің алқа отырысында бір ғана мектептің табыстары туралы бөлек өңгіме бұрын-соңды қозғалмаған екен.

Мәселен, биыл Петропавл қаласында өткен республикалық оқушылар олимпиадасына 55 бала қатысып, оның 34-і жоғары дәрежелі дипломдарға ие болып қайтқан. Бүкіл бір облыстан осынша бала қатыса алмайтынын ескерсек, бұл өрине мақтануға тұрарлық дүние. Дипломдар саны жағынан аталмыш мектептің жетістігі тек Алматы облысымен тең келгенімен, сапа мен білім жағынан озық тұрғанын біле-жарып айтуға тиістіміз. Бұл туралы аталмыш мектептің директоры Қайрош Мақышев:

— Бұған мақтанбаймыз. Осылай болуға тиісті. Біздің мектеп республикалық дарынды балаларға арналған мектеп-интернат болғандықтан, өз дәрежемізге сай нәтиже көрсеттік. Биыл біз үшінші рет қатарынан “Ең үздік олимпиадалық мектеп” деген атақты жеңіп алдық. Мектеп тарихында, білім беру саласының тарихында бір ғана мектептің 34 дипломды алып кеткені бұрын-соңды болмаған оқиға екеніне мақтанамыз, — дейді.

Осы арада математика мен физикадан терендетілген білім алып жатқан шәкірттер басқа гуманитарлық пәндер бойынша да жоғары нәтиже көрсеткенін айту керек.

Мұнан бөлек, биылғы республикалық ғылыми-жобалар жарысында мектеп-интернаттың 23 оқушысы ақтық сынға ілігіп, 11-і дипломмен, 7-і арнаулы мақтау қағазымен марапатталып, “Үздік команда-2006” атанған.

Сондай-ақ былтыр бір жылдың ішінде бүкіл Қазақстанның 151 оқушысы халықаралық олимпиадалардан медаль алып келсе, соның 41-і РМФМОМИ оқушылары! Яғни, халықаралық білім сайыстарындағы әрбір төртінші медальды аталмыш мектептің шәкірттері алып келіп отырған.

— Осы жеңімпаздардың ішінде Нұрбол Дүйсенбаев пен Айзана Тұрмұхаметованы ерекше бөліп айтқым келеді. Екеуі де қазақ сыныбында оқиды, математиктер. Бір жылдың ішінде әрқайсысы 6

еңбек еленоеиді, оастамашылл идеяларды жұрт байқамайды, бағаламайды деген қате пікір. Мектеп директоры Қайрош Мақышевтың тынымсыз тірлігі қазақ меценаттары тағайындаған төуелсіз “Тарлан” сыйлығымен аталып, бұған қоса “Олимп шыңына жетелеуші” дипломымен марапатталған.

Мектеп бүгін тағы несімен мақтана алады? Бұл сауалға бірінші кезекте, өткен оқу жылының соңында мектептің 222 бірдей түлегі

шірмеі-ақ, үидеті комьютерден ала береді деген сөз. Және ата-аналарға да интернет арқылы балаларының сабақтарын бақылауға мүмкіндік туғызылмақ.

Алайда, өлі күнге дейін еліміздің туқпір-түкпрінде математика мен физикаға қабілетті балалардың көпшілігі Алматыда О.Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп-интернатының бар екенін, бар екенін білсе де оған қалай

РМФМОМИ-ға қабылдау ережесі төмендегідей:
8 және 10 сыныптарға қазақ және орыс тілінде оқитын, математика мен физикаға қабілетті оқушылар қабылданады. Қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі.
Республикалық және халықаралық олимпиада жеңімпаздары емтихансыз қабылданады.
Конкурсқа қатысуға ниет білдіргендер 6-19 маусым аралығында құжаттарын өткізу керек.
Емтихан тапсыру үшін қабылдау комиссиясына төмендегі құжаттар өткізіледі:
— арнайы бланкдегі ата-ананың өтініші;
— туу туралы куәліктің көшірмесі;
— денсаулығы туралы анықтама;
— 5 сыныптан бастап оқу үлгерім жөніндеп табельдің көшірмесі;

— 2 фотосурет (3x4);
Физика мен математика пәндерінен қабылдау емтихандары 21-28 маусым аралығында өтеді.
Оқу ақысыз. Сырт жақтан келген балалар жатақханамен қамтамасыз етіледі.
P.S. РМФМОМИ-ға оқушыларды қабылдау үшін жыл сайын сәуір айында республиканың барлық облыстарында көшпелі комиссия жұмыс істейді.
Көшпелі комиссияның барлық облыстарда болу кестесін облыстық білім департаменттері арқылы білуге болады.
Мекен-жайы: Алматы қаласы, Бұқар жырау көшесі, 36
Тел/факс: 8 (3122) 47-17-24, 47-17-44, 47-17-57
http://www.fizmat.kz. e-mail: fizmatschkol@mail.ru

бірінғай ұлттық тест тапсырып, оның ішінде 141 оқушы 100-ден жоғары балл алғанын атауға болады.

Енді биыл мектеп директоры түлектерімен білмей келіскен көрінеді. Олар Өскемен қаласындағы Монета сарайына “Ұлттық бірінғай тест озаты” деген медальға тапсырыс берген. Мектептің 100 балдан жоғары көрсеткішке жеткен түлегі осы медальды естелікке алып кетеді.

Сондай-ақ өткен жылы РМФМОМИ-дің 52 түлегі мемлекеттік “Болашақ” бағдарламасының грантын жеңіп алған. Мұнан да бөлек, өз бетімен өлемдегі ең айтулы жоғары оқу орындарының грантын жеңіп алған түлектер де бар.

Және РМФМОМИ “XXI ғасыр көшбасшысы” интеллектуалдық телеойының бойынша елімізде “Мектеп оқушыларының 5 жыл ішіндегі ең үздік нәтижелері,

келудің жөн-жосығын біле бермейтін рас.

Таланттарды бір жерде тоғыстырып, талай дарабоз дарындарды түлетіп ұшырған киелі білім ордасында оқығысы келетін балалардың тағдырына игі өсерімізді тигізу мақсатында, О.Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп-интернатына құжат тапсырып, бақ сынаудың жай-жапсарын баяндаймыз.

АЛМАТЫ.

СУРЕТТЕРДЕ: ● мектеп мақтаншытары.

● РМФМОМИ директоры, төуелсіз “Тарлан” сыйлығының иегері Қайрош МАҚЫШЕВ сабақ үстінде.

Суреттерді түсірген Берсінбек СӨРСЕНОВ.

Атырау облысындағы Адай бөлігінің аумағында мұнай барлаумен және өндірумен айналысатын компания — “Адай Петролеум Компани” ЖШС 4500 метрден 5500 метрге дейінгі тереңдіктегі ұңғымада бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білікті бұрғылау мердігерлерін іздегіреді.
Бағалау үшін әлеуетті мердігер-компаниялар өздерінің құқықтық мәртебесін, техникалық және ұйымдық мүмкіндігін мен біліктілігін растайтын мына қажетті құжаттаманы тапсыруы қажет:
● Компанияның толық атауы, мекен-жайы, телефоны, факс нөмірі мен белгіленген байланыстырушы тұлғаның электрондық мекен-жайы;
● Бұрғылау жұмыстарын орындауға мемлекеттік лицензиясы;
● Ұсынылатын жабдықтың техникалық сипаттамасы мен аталған жабдықты Қазақстан Республикасында пайдалану үшін сертификатталғанының құжаттамалық расталуы;
● Қызмет көрсету базасының болуы мен мүмкіндігі;
● Ұсынылатын қызметтерге бағдарлы прайс-парақ.
Құжаттаманы мына мекен-жайға жіберу керек: Атырау қ., Азаттық д-лы, 42, “Адай Петролеум Компани” ЖШС.
Егжей-тегжейлі ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады: “Адай Петролеум Компани” ЖШС.
Байланыстырушы тұлға: Берік Мұстафиев. Жұмыс телефоны: 8 (3122) 35-43-61, 35-43-73, 32-54-95, 32-54-96.
Факс: 8 (3122) 35-45-39.
Эл.пошта: bmustafiev@apk.kz

ҚР ҚМ “Қолдау” МРК-ның Алматы филиалы ҚР ҚМ “Қолдау” МРК атынан Сарыөзек кентінде орналасқан өскер қазандықты күрделі жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу жөнінде ашық конкурс жариялайды.
Орындатын жұмыстардың көлемі, техникалық ерекшелігі, мерзімі және орындатын орны конкурстық құжаттамада көрсетілген.
Конкурсқа “Мемлекеттік сатып алу туралы” Занның 8-бабының 1-тармағындағы бліктілік талаптарына сай келетін барлық әлеуетті кәсіпорындар қатыса алады.
Конкурстық құжаттама топтамасын 2006 жылғы 28 маусымда сағат 18.00-ге дейін мына мекен-жай бойынша: Алматы қ., Іле тас жолы, 9, МТС базасында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін конкурстық құжаттамаға төлем құжатын ұсынған әлеуетті кәсіпорындардың алуына болады.
Конкурстық құжаттама топтамасының құны 1000 теңге және Алматы қаласындағы “Банк ЦентрКредит” АҚ-тың АҚФ-дағы 850609201 есеп-шотына, СТН 600800501159, МФО 190501719, КБЕ 16 төленеді.
Конвертке салынған конкурсқа қатысу туралы конкурстық өтінімдерді әлеуетті кәсіпорындар мына мекен-жайға ұсынады: Алматы қ., Іле тас жолы, 9.
Конкурстық өтінімдер тапсырудың соңғы мерзімі — 2006 жылғы 30 маусымда сағат 10.00-де.
Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2006 жылғы 30 маусымда сағат 12.00-де ашылады. Конкурстық өтінімдерді ашу кезінде әлеуетті кәсіпорындар қатыса алады.
Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефондар арқылы алуға болады: 90-33-41, 90-17-16.